Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 3 (114)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен – PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан – PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара – PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы – PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯГАН Буркитбай Гелманулы – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан – кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен – PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан – PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдуакап – PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы – PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы – PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович – PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Yang Hanlin Familiar difference: object selection, visual display, and aesthetic translation of Splendid Silk in Kazakhstan
Янг Ханлин Өзгедегі таныс бейне: Қазақстандағы «Керемет жібек» көрмесінің нысандарын іріктеу, визуалдық экспозиция және эстетикалық трансляция
Янг Ханлин Знакомое в ином: отбор объектов, визуальная экспозиция и эстетическая трансляция выставки «Великолепный шёлк» в Казахстане..... 8

Абильдаева Л.О. Музейдегі бейнелеу өнері коллекциясындағы қазақтың тұрмысы мен мәдениеті: Әбілхан Қастеевтің туындылары негізінде
Абильдаева Л.О. Быт и культура казахского народа в коллекции изобразительного искусства музея (на основе произведений Абылхана Кастеева)
Abildayeva L.O. Kazakh everyday life and culture in the museum's fine art collection (based on the works of Abilkhan Kasteev)..... 18

Мукашева Г.К. Сундук, связанный с купеческой династией Кубриных: история происхождения и бытования музейного предмета
Мукашева Г.К. Көпес Кубриндер әулетімен байланысты қаңылтырмен қапталған сандық: музейлік заттың шығу тарихы және тұрмыста қолданылуы
Mukasheva G.K. Forged metal chest associated with the Kubrin merchant dynasty: the history of the museum object and its use in everyday life..... 37

Археология / Archaeology / Археология

Ярыгин С.А., Сакенов С.К., Нускабай А.А. Кельтообразный молоток с поселения Атшубар
Ярыгин С.А., Сакенов С.Қ., Нұсқабай Ә.А. Атшұбар қонысынан табылған кельт тәрізді балға
Yarygin S. A., Sakenov S. K., Nuskabay A.A. A celt-shaped hammer from the Atshubar settlement..... 53

Дүйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мұсырманқұл П.Б., Касымханова Т.Б., Қасенәлі А.Е. Жүкей қорымындағы археологиялық зерттеулердің нәтижелері
Дуйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мусырманкул П.Б., Касымханова Т.Б., Касенали А.Е. Результаты археологических исследований на могильнике Жукей
Duisenbay D.B., Nadyrov Zh.O., Musyrmankul P.B., Kassymkhanova T.B., Kassenali A.E. Results of archaeological research at the Zhukey burial ground..... 66

Utubayev Zh., Suyundikova M., Shagirbayev M., Akkaliyeva A. Egistik mausoleum: ritual rites and traditions of sacrifice
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шағырбаев М.С., Аққалиева А.Ш. Егістік кесенесі: ғұрыптық жоралғылар мен құрбандық шалу дәстүрі
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шагирбаев М.С., Аккалиева А.Ш. Мавзолей Егистик: обрядность и практика жертвоприношения..... 82

Шашенов Д.Т., Есен С.Г. Жанисов А.Т. Жиенбай қыстауында жүргізілген зерттеу нәтижелері
Шашенов Д.Т., Есен С.Г., Жанисов А.Т. Результаты исследования зимовки Жиенбай
Shashenov D.T., Yessen S.G., Zhanisov A.T. The results of a study of the Zhienbai wintering site..... 97

Хасенова Б.М. Архитектура погребальных сооружений населения Кимекского каганата
Хасенова Б.М. Қимақ қағанаты халқының жерлеу ескерткіштерінің сәулеттік ерекшеліктері
Khassenova B.M. Architecture of funerary buildings of the Kimek khaganate people.....110

Билялова Г.Д. Мавзолеи Сарыарки XIII–XV вв.: история изучения и новые археологические данные

Білəлова Г.Д. Сарыарқаның XIII–XV ҒҒ. кесенелері: зерттелу тарихы және жаңа археологиялық деректер
Bilyalova G.D. The mausoleums of Saryarka (13th–15th centuries): history of research and new archaeological evidence..... 122

Молдахмет А.А., Елеуов М., Валиулина С.И., Құрманиязов Ы.С. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы ортағасырлық шыны бұйымдары: құрамы, технологиясы және археологиялық маңызы
Молдахмет А.А, Елеуов М., Валиулина С.И., Курманиязов Ы.С. Средневековые стеклянные изделия нижнего течения реки Сырдарьи: состав, технология и археологическое значение
Moldakhmet A.A., Eleuov M., Valiulina S.I., Kurmaniyazov Y.S. Medieval glass objects from the lower Syr Darya: composition, technology, and archaeological significance..... 139

Камалдинов И., Буранбаев Р., Нұрғали Н., Арынов Қ. Сүткент қаласын археологиялық зерттеудің жаңа нәтижелері (2025 ж. материалдар бойынша)
Камалдинов И., Буранбаев Р., Нургали Н., Арынов К. Новые результаты археологических исследований на городище Сюткент (по материалам 2025 г.)
Kamaldinov I., Buranbayev R., Nurgali N., Arynov K. New results of archaeological research at the Syutkent settlement (based on 2025 data)..... 160

Сыдығалиев С.М., Кунанбаева Ш.Б. Системы жизнеобеспечения населения поздней бронзы Северного Казахстана: палеоэкологическая реконструкция
Сыдығалиев С.М., Құнанбаева Ш.Б. Солтүстік Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері: палеоэкологиялық қайта құрылымдау
Sydygaliyev S.M., Kunanbayeva Sh.B. Subsistence systems of the Late Bronze Age population of Northern Kazakhstan: a paleoecological reconstruction..... 176

Этнология / Ethnology / Этнология

Смағұлов Б.Қ., Әшім Б.Ә. Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақ халқының этнографиясы жөнінде мәліметтер
Смагулов Б.К., Ашим Б.А. Сведения по этнографии казахского народа в материалах и трудах Г.Е. Катанаева
Smagulov B.K., Ashim B.A. Information on the ethnography of the kazakh people in the materials and works of G.E. Katanaev..... 196

Кошман Т.В., Ғайса А.М. Некрополь Ахметаул в Центральном Казахстане: мемориализация потомков Қоңыр-Құлжа төре в XIX–XXI вв.
Кошман Т.В., Ғайса А.М. Орталық Қазақстандағы Ахметаул қорымы: XIX–XXI ғасырлардағы Қоңыр-Құлжа төре ұрпақтарының мемориалдандыру дәстүрі
Koshman T.V., Gaisa A.M. Ahmetaul Necropolis in Central Kazakhstan: the memorialization of the descendants of Konyr-Kulzha tore in the 19th–21st centuries..... 209

Маулет А., Нұрдаулет П., Камунов С. Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын инвентаризациялау: кейбір ұлттық тағам дәстүрлері
Маулет А., Нурдаулет П., Камунов С. Инвентаризация нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области: некоторые традиции национальной кухни
Maulet A., Nurdaulet P., Kamunov S. Inventory of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region: selected traditions of national cuisine..... 220

Жалелов Д.С. Қазақ жыраулық және түрік ашықтық дәстүрі: этномәдени сабақтастықтың этнологиялық қырлары

Жалелов Д.С. Казахская традиция жырау и турецкая традиция ашиков: этнологические аспекты этнокультурной преемственности
Zhalelov D.S. The Kazakh Zhyrau and Turkish Aşik traditions: ethnological dimensions of ethnocultural continuity..... 238

Мейрманова Г.А., Егізбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтарының мәдени мұрадағы сабақтастығы
Мейрманова Г.А., Егизбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Преемственность традиционных игр и игрушек казахских детей в культурном наследии
Meyrmanova G.A., Yegizbayeva M.K., Terekbayeva Zh.M. Continuity of traditional games and toys of Kazakh children in cultural heritage..... 250

Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері: диаспора жағдайындағы мәдени сабақтастық
Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Предсвадебные обряды казахов в Иране: культурная преемственность в условиях диаспоры
Zhuandykova A.D., Iskakov K.A. Pre-wedding rituals of Kazakhs in Iran: cultural continuity in the context of the diaspora..... 264

Тарих / History / История

Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Ясауи кесенесіне тиесілі болған тарихи-мәдени мұралар
Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Историко-культурные ценности мавзолея Ясави
Tastanbekov M., Sandybayeva A. Historical and cultural heritage of the Yasawi Mausoleum..... 274

Порсин А.А., Ағатай Ө.М. Хан Жәнібек әскерінің 1346 жылы Каффада оба індеті өршіген кездегі іс-әрекеттері
Порсин А.А., Агатай У.М. Действия армии хана Джанибека во время вспышки чумы в Каффе в 1346 г
Porsin A.A., Agatay O.M. The actions of khan Janibeg's army during the plague outbreak in Caffa in 1346..... 295

ҒТАМР 13.91.11

https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.17

Мейрманова Г.А., *Егізбаева М.К., Терекбаева Ж.М.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ОЙЫНДАРЫ МЕН ОЙЫНШЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтары мәдени мұра жүйесіндегі өзара сабақтас құбылыстар ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – балалар ойындарының тарихи қолданыс аясын, құрылымдық ерекшеліктерін көрсету, тәрбиелік қызметін этнографиялық деректер негізінде жүйелеу, мәдени мұра ретінде маңызын анықтау. Теориялық негіз ретінде тарихи-этнографиялық еңбектер, бала тәрбиесіне арналған зерттеулер мен жарияланымдар пайдаланылды. Балалар ойындарының, дәстүрлі ойыншықтардың мазмұндық сипатын анықтауда салыстырмалы-тарихи және типологиялық әдістер қолданылды. Дүмпілдек, марламқаш, тақия тастамақ, асық ату, лаңгі тәрізді ойындармен қатар қуыршақ, ағаш ойыншықтар мен ортеке тәрізді дәстүрлі бұйымдар талданды. Талдау дәстүрлі ойындардың қимыл-қозғалыстық, танымдық, әлеуметтік, мәдени функцияларды қамтитынын көрсетті. Этнографиялық материалдар ойындардың тек көңіл көтеру құралы емес, баланы еңбекке, ортақ тәртіпке, өзара жауапкершілікке және қоршаған ортамен әрекеттесуге бейімдейтін тәжірибе болғанын көрсетеді. Асық ойынының қазақ, қырғыз және түрік халықтарындағы ұқсас үлгілері, дүмпілдек атауының қазақ-қырғыз кеңістігіндегі қолданысы тарихи-мәдени байланыстар тұрғысынан қарастырылды. Дәстүрлі ойыншықтардың жасалу материалы мен қолданылу ерекшеліктері арқылы баланың тұрмыстық ортаға араласуы сипатталды. Зерттеу нәтижелері ұлттық ойындар мен ойыншықтарды музей, білім беру және отбасылық ортада жаңғыртудың маңызын айқындайды. Сонымен қатар, олардың мәдени жадты сақтаудағы орны көрсетілді.

Кілт сөздер: балалар ойыны, дәстүрлі ойыншық, асық ату, дүмпілдек, марламқаш, тақия тастамақ.

Дәйексөз үшін: Мейрманова Г.А., Егізбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтарының мәдени мұрадағы сабақтастығы // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб. 250-263 (қаз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.17

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев заман талабына сай цифрландыру үдерісінде ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын атап өтеді. Осыған сәйкес балалар ойындары мен дәстүрлі ойыншықтар – ұлттық және патриоттық тәрбиенің маңызды құралы. Дәстүрлі ортада бала үлкендер әлеміне бірден араласып кеткен жоқ. Ол еңбекке, ортақ тәртіпке, өзара жауапкершілікке алдымен ойын арқылы бейімделді. Ойынның ережесі, қатысушылар, жеңіс пен жеңіліске қатысты ұстанымдар мен қолданылатын заттар қоғамның мінез-құлық нормаларымен байланысты болды. Ғалым Б.Ә. Төтенаев қазақтың ұлттық балалар ойындарын талдай отырып, олардың шапшаңдық, ептілік, тапқырлық секілді қасиеттерді қалыптастырудағы орнын көрсетеді (Төтенаев, 1978: 62). Демек, балалар ойыны этнографиялық дерек ретінде де, тәрбие тәжірибесінің тұрақты тірегі ретінде де назар аударуға лайық.

Мақаланың мақсаты – қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтарын тарихи-этнографиялық тұрғыдан жүйелеп, олардың бала тәрбиесіндегі қызметін және қазіргі мәдени

кеңістіктегі маңызын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: қазақ балалар ойындары туралы шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін салыстыру; ойындардың сипаты, қатысушылар саны мен құрылымына қарай жіктеу ұсыну; кейбір көне ойындардың этнографиялық сипатын анықтау; дәстүрлі ойыншықтардың жасалу жолы мен әлеуметтік қызметін сипаттау.

Балалар этнографиясы қазақ этнологиясында жеке бағыт ретінде біркелкі зерттелмеді. Дәстүрлі шаруашылық, киім, баспана, отбасылық қатынастар мен әдеп-ғұрыптарға арналған еңбектер мол болғанымен, баланың ортасы, заттық құндылықтары, ойыншықтары мен ойын түрлері қосалқы дерек ретінде ғана тіркелді. Музей қорларында сақталған балаларға қатысты бұйымдардың салыстырмалы түрде аз болуы да осы мәселені арнайы қарастыру қажеттігін көрсетеді. Сондықтан мақалада зерттеу нысандары біртұтас мәдени мұра ретінде қарастырылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің деректік негізін XVIII ғасырдың екінші жартысынан XXI ғасырға дейінгі тарихи-этнографиялық еңбектер, ғылыми мақалалар, сөздіктер мен музей қорларындағы материалдарға арналған жарияланымдар құрады. Мақаланы жазу барысында талдау, жинақтау, салыстырмалы-тарихи және типологиялық әдістер қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс қазақ, қырғыз және түрік халықтарындағы ойын атаулары мен олардың құрылымдық ұқсастықтарын салыстыру үшін қолданылды. Типологиялық әдіс ойындарды мазмұны, қатысушылар саны және іс-әрекет сипаты бойынша топтастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық негізінде ойынның мәдени және әлеуметтік табиғатын түсіндіретін еңбектер басшылыққа алынды. Л.С. Выготский-дің мәдени-тарихи тұжырымдамасы баланың дамуындағы әлеуметтік тәжірибе мен мәдени құралдардың маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді (Выготский, 1991). Ғалым В.П. Зинченко еңбектерінде білім беру мен таным үдерісінің мәдени ортадан ажырамайтыны көрсетіледі (Зинченко, 2018). Ф. Арьес балалық шақтың тарихи өзгермелі құбылыс екенін қарастырса (Арьес, 1999), Ю.М. Лотман мәдени мәтін мен таңбалық жүйелердің қоғамдағы қызметіне назар аударады (Лотман, 1969). Ал Й. Хейзинга ойын феноменін мәдениеттің қалыптасуымен байланыстырып, ойынға тән шарттылық, ереже, бәсеке және ортақ қатысу белгілерін түсіндіреді (Хейзинга, 1997). Бұл теориялық ұстанымдар қазақ балалар ойындарын мәдени тәжірибе ретінде талдауға негіз болады.

Ш. Уәлиханов (Валиханов, 1961), Ә.А. Диваев (Диваев, 1905), В.В. Радлов (Радлов, 1989), Н.А. Мелкова (Мелкова, 1921) сияқты зерттеушілер халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпын сипаттау барысында ойын-сауық пен балалар тәрбиесіне қатысты мәліметтерді де қағазға түсірді. Бұл деректердің құндылығы – ойынның кейінгі кезеңде өзгеріп кеткен немесе мүлде сиреген үлгілерін сол уақыттағы қолданыс контексімен бірге көрсетуінде. Сонымен бірге, ұлттық ойындар туралы мәліметтер ауыз әдебиеті, саяхатшылар жазбалары, отбасылық-тұрмыстық сипаттамалар және музей коллекциялары арқылы толықтырылып отырады.

Этнограф Ш.Уәлиханов еңбектерінде қазақ балалар ойынының тек ермек қызметімен шектелмегенін, оның белгілі бір ортадағы мәдени түсініктермен астасқанын байқауға болады. Ғалым ойынның сыртқы формасы мен ішкі мағынасын қатар қарастырады (Валиханов, 1961: 48).

Ал Н.А. Мелкованың «Игры киргизов» атты еңбегі қазақ ойындарын арнайы сипаттаған ерте зерттеулердің бірі. Автор онда ойындардың атауын, орындалу тәртібін және қатысушылар әрекетін жүйелі түрде тіркеп, барлығы отыз үш ойын түрі туралы мәлімет береді. Сонымен қатар тарихи кезеңдегі ойын сипаттамасын ұсынып, ақпарат берушімен жұмыс істеуге арналған сұрақтар ұсынады (Мелкова, 1921: 44).

Қазақ этнографиясын жүйелі зерттеген Ә. Диваев еңбектерінде қазақ балаларының ойыны фольклорлық мәтін, тұрмыс-салтпен және тәрбие тәжірибесімен байланысты қарастырылады. Оның жазбаларында ойын өлеңдері, қимылға негізделген ойындар мен балаларды алдандыру, жұбату тәсілдері нақты этнографиялық материал ретінде тіркелген. Ғалым өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде ұлттық ойындарды қатысушылардың жас ерекшелігіне қарай жіктейді. Мысалы, «соқыр теке» ойынында балалар қатар отырып, санамақ сипатты сөздерді айтады; таңдалған баланың көзі байланып, басқа ойыншыны

ұстап, кім екенін табуы керек. «Түйе-түйе» ойынында балалар бірнеше топқа бөлініп, бір топ «түйе мен боталарды» бейнелейді. Басқа топ боталарды алып кетеді, «інген» оларды іздейді. Ойын барысында диалог, өтініш, іздеу және рөлдік әрекеттер орындалады. «Тұмалақ ағаш» тәрізді доп пен таяққа негізделген ойынды да сипаттап, оны Орынбордағы орыс балаларының ұқсас ойындарымен салыстырады (Диваев, 1905).

Қазақ даласындағы ойын-сауық пен бала тәрбиесіне қатысты мәліметтер саяхатшылар мен өлкетанушылар еңбектерінде де кездеседі. Орыс ғалымы, географ әрі тарихшы А.И. Левшин өзінің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінде қазақтың ұлттық ойындарына «теңге алу», «күрес» т.б. айрықша назар аударған. Ол балалардың қимылды ойындары олардың шынығуына, мықты әрі төзімді болуына ықпал ететінін сипаттайды (Левшин, 1832). П.С. Паллас қазақ қоғамының тұрмыстық ерекшеліктерін сипаттау барысында дене ептілігі мен жарысқа негізделген әрекеттерге назар аударған (Паллас, 1773: 26). Г.Н. Потаниннің материалдары қазақ және көршілес түркі-моңғол халықтарының фольклорлық әрі тұрмыстық ұқсастықтарын салыстыруға мүмкіндік береді (Потанин, 1881). А. Алекторов қазақ отбасындағы бала тәрбиесінің тәртібін, ата-ана беделі мен баланың әлеуметтік ортаға ену үдерісін сипаттайды (Алекторов, 1891). Ал В.В. Радловтың этнографиялық бақылаулары көшпелі ортадағы күнделікті өмірдің кең контексін береді (Радлов, 1989). Бұл еңбектерді қатар қарастыру ойынның оқшау құбылыс емес, бүкіл тәрбие жүйесінің бір бөлігі болғанын аңғартады.

XX ғасырдағы отандық зерттеулерде ұлттық ойындарды жүйелеу мен олардың тәрбиелік мазмұнын ашуға көбірек көңіл бөлінді. Ә. Марғұлан қазақтың материалдық және рухани мәдениетіне қатысты деректерді кешенді қарастырып, дәстүрлі тұрмыс заттарының әлеуметтік мәнін көрсетуге үлес қосты (Маргулан, 1984). Б.Ә. Төтенаев ұлттық ойындарды арнайы жинақтап, оларды мазмұны мен орындалу сипатына қарай жіктеуге ұмтылды. Оның еңбегінде «Ақ боран», «Қалтырауық», «Қамыр кемпір», қазақша күрес, жаяу жарыс, жамбы ату, күміс алу, жорға жарыс секілді ойындар мен жарыстарға сипаттама берілген (Төтенаев, 1978: 72). Мұндай еңбектер дәстүрлі ойынның дене шынықтырумен ғана емес, батылдық, әділдік, ережеге бағыну және топ алдындағы жауапкершілік сияқты мінездік қасиеттермен байланысын айқындауға негіз береді.

Х. Арғынбаевтың қазақ отбасы туралы зерттеуі баланың жасына қарай отбасындағы орны мен тәрбиелік міндеттердің қалай өзгергенін түсіндіруге мүмкіндік береді. Автор көрсеткендей, ерте жаста ұл мен қыздың ортақ ойын кеңістігі басым болып, есейген сайын олардың күнделікті міндеттері мен әрекет үлгілері біртіндеп жіктеле түседі (Арғынбаев, 1996). У.Х. Шалекенов материалдық мәдениет тарихын қарастыру барысында тұрмыстық заттар мен археологиялық деректердің әлеуметтік қызметіне назар аударады (Шалекенов, 1980). Өңделген асықтар, саздан жасалған ұсақ бұйымдар мен ысқырық тәрізді заттар ойын мәдениетінің заттық қырын зерттеуде маңызды. Олар бала әрекетінің арнайы сатып алынған ойыншықпен ғана емес, қоршаған ортадағы қолжетімді материалды қайта пайдалану тәжірибесімен де қалыптасқанын көрсетеді.

Р.М. Мустафина дәстүрлі нанымдар мен тұрмыстық исламның өзара қабысуын талдай отырып, асық сияқты күнделікті заттардың ойыннан бөлек болжамдық және рәсімдік мағына иелене алатынын көрсетеді (Мустафина, 1992). Бұл дерек балалар ойыны мен ересектердің символдық тәжірибесі арасында әрқашан қатаң шекара болмағанын аңғартады. Бір зат әр контексте ойын құралы, тұрмыстық бұйым немесе белгілі бір сенімге қатысты белгі қызметін атқаруы мүмкін. Сондықтан ойын атрибуттарын зерттегенде олардың тек практикалық қызметін емес, мәдени семантикасын да ескерген жөн.

Қазіргі зерттеулер дәстүрлі ойындарды тәрбие, мерекелік мәдениет және этникалық бірегейлік мәселелерімен байланыстыра қарастырады. Ш.Ж. Тохтабаева қазақ этикетін талдау барысында балаға қатысты бұйымдар мен қуыршақтардың қорғаныштық және әлеуметтік қызметіне назар аударады (Тохтабаева, 2015). А. Қалыш ұлттық ойындар мен жарыстарды мерекелік мәдениеттің бір бөлігі ретінде сипаттайды (Kalysh, 2012). Б. Қалшабаева мен Г. Иманберлиева ұлттық ойындардың жастар тәрбиесіндегі орнын, батылдық, отансүйгіштік және мәдени мұраға құрмет секілді құндылықтармен байланысын қарастырған (Kalshabayeva, Imanberlinova, 2018). Ал А. Айтбаева, А. Хазбулатов және Ж. Шайгозова балалар ойыны мен дәстүрлі білім беру

арасындағы сабақтастықты қазіргі жағдаймен байланыстыра талдайды (Aitbayeva et al., 2021). Осы зерттеулер тақырыптың тек өткен кезеңмен шектелмей, бүгінгі тәрбие және мәдени саясат аясында да өзекті екенін көрсетеді.

Талдау

Қазақтың дәстүрлі балалар ойындарын талдағанда олардың бірнеше қызметі ескеріледі. Ойын қозғалысқа негізделіп, онда ереже сақтау, қарсыластың әрекетін болжау, кезек күту, топ мүддесін жеке әрекеттен жоғары қою қатар жүреді. Олар баланың ортаға бейімделуін, өз әрекетінің салдарын түсінуін және құрдастарымен келісуін күнделікті тәжірибе арқылы үйреткен.

Ойынның этнографиялық мәні оның қоғамдағы басқа салалармен байланысынан анық көрінеді. Қимылды ойындарда мал шаруашылығына, жарысқа, нысана көздеуге немесе кеңістікте бағдарлауға тән дағдылардың ізі сақталады. Ал үй ішіндегі ойындарда отбасы тұрмысы, қолөнер, киім тігу, бесікке бөлеу секілді әрекеттердің шағын үлгісі көрінеді. Ойын барысында бала белгілі бір әрекетті қайталап қана қоймай, сол әрекетке қоғам берген мағынаны да меңгереді. Осы себепті балалар ойынын этнопедагогикамен қатар этнология, психология, мәдениеттану, мәдениет тарихы тұрғысынан зерделеу маңызды.

1-кестеде қазақ балалар ойындарының мазмұны, қатысушылар саны және іс-әрекет сипаты бойынша жіктелуі берілді. Жиналған материалдарды мазмұны, қатысушылар саны және негізгі іс-әрекет сипаты бойынша үш өлшеммен топтастыруға болады. Мазмұндық тұрғыдан танымдық, дамытушылық, тәрбиелік, шығармашылық бағыттар өзара сабақтас келеді. Танымдық ойындар санау, есте сақтау, салыстыру және тапсырманы түсіну қабілетін іске қосса, дамытушылық ойындар баланың логикалық ойлауы мен әрекет жылдамдығына көбірек салмақ түсіреді. Тәрбиелік мазмұн ережеге адал болу, серіктесін сыйлау, жеңілісті қабылдау сияқты қатынас нормаларынан көрінеді. Ал шығармашылық сипаттағы ойындарда қолөнер, бейнелеу, құрастыру немесе сюжетті өз бетінше дамыту мүмкіндігі басым.

Қатысушылар саны да ойынның әлеуметтік қызметіне ықпал етеді. Жеке орындалатын ойындар баланың дәлдігіне, шыдамдылығына және өз нәтижесін бақылауына бағытталса, жұптық ойындар серіктестің әрекетіне жауап беруді талап етеді. Топтық және ұжымдық ойындарда ортақ ереже, рөл бөлу, келісу, көшбасшыны мойындау, топ ішінде шешім қабылдау тәжірибесі қалыптасады. Әсіресе жарыс сипатындағы ойындарда жеке шеберлік пен ұжым мүддесінің арақатынасы анық байқалады. Бұл қасиет дәстүрлі ойындардың балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеудегі маңызын күшейтеді.

Іс-әрекет сипаты бойынша қимыл-қозғалыс, зияткерлік, сюжеттік-рөлдік және дидактикалық ойындарды ажыратуға болады. Қимыл-қозғалыс ойындары шапшаңдық, дәлдік, тепе-теңдік пен төзімділікке негізделеді. Зияткерлік ойындарда есептеу, стратегия құру және бірнеше қадам алға ойлау басым. Тоғызқұмалақ пен кейбір асық ойындары осы топқа жатады. Сюжеттік-рөлдік ойындарда бала ересектердің әлеуметтік рөлін қайталайды. Дидактикалық мазмұн тапсырманы ойын жағдайында шешу арқылы көрінеді.

Қазақ балалар ойындары. Қазақ балаларының дәстүрлі ойын қорында кең далада ойнайтын қимылды жарыстар да, шағын топқа арналған ептілік ойындары да, үй ішінде орындалатын тыныш әрекеттер де болған. Асық, бестас,

Кесте 1 – Қазақ балалар ойындарының типологиясы
Table 1 – Typology of Kazakh Children's Games

Қызметіне қарай	Қатысушы санына қарай	Іс-әрекет сипатына қарай
Танымдық – сандық ойындар	Жеке	Қимыл-қозғалыс
Дамытушылық – логикалық ойындар	Жұптық	Зияткерлік – шахмат, дойбы
Тәрбиелік – адалдық, сыйластық	Топтық	Сюжеттік-рөлдік ойындар
Шығармашылық – көркемдік, қолөнер	Ұжымдық	Дидактикалық – тапсырмаға негізделген ойындар

Дереккөз: авторлар құрастырған.

соқыртеке, ақсерек-көксерек, тоғызқұмалақ, ханталапай сияқты ойындар күні бүгінге дейін өзінің мәдени маңызын жоғалтпады. Ал қазіргі кезде сирек ойналатын дүмпілдек пен марламқаш тәрізді ойындарға этнографиялық талдау жасау, мәдени мұра ретіндегі маңызын анықтаудың қажеттілігі зор.

Дүмпілдек. Бұл ойынның тарихи сипатына қатысты ерекше мән беруді қажет ететін дерек бар. Ойын сипаты туралы деректердің бірі – 1923 жылғы «Сана» журналының №1 санында «Қырғыз» бүркеншік атымен жарияланған «Дүмпілдек» ойынының ережесі. М. Дулатұлының 1924 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралы» (Қирағат) кітабында бұл ойын қырғыз ойыны деп берілген (Дулатұлы, 1924). Бұл дерек дүмпілдекті қазақ-қырғыз мәдени кеңістігінде таралған ортақ, өзара алмасқан ойын үлгісі ретінде зерттеудің дұрыстығын көрсетеді.

Қырғыз тілінде ойын «дүмпүлдөк», кейбір нұсқаларда «кара коюм дүмпүлдөк» түрінде аталады. К.К. Юдахин сөздігінде дүмпүлдө атауы «тұйық, үзік-үзік дыбыс шығару» мағынасында, ал дүмпүлдөк жеке ойын атауы ретінде берілген (Юдахин, 1965). Бұл түсінік ойынның мазмұнымен де сәйкес келеді. Ойынның ережесі бірнеше қатысушыдан тұратын екі топтың кезектесіп шабуылдау және қорғану әрекетіне негізделеді. Деректерде оны шамамен 7–8 жастан бастап жылы мезгілде, кейде ай жарығында ойнайды. Ойын барысында бір топты арқан ұстаған ойыншы қорғап, екінші топ тиіп-қашу тәсілімен шабуылдайды. Бұдан бөлек, «ақ шөп басы», «шап кетті» секілді ойын терминдері қолданылады. Типологиялық тұрғыдан бұл ойын шабуыл мен қорғаныс рөлдері ажыратылған топтық ойын.

Марламқаш – топтық әрекетке құрылған ұлттық балалар ойыны. Негізгі өзегі – жасырыну, іздеу, қауіпсіз орынға дер кезінде жету. Ойын көбіне жазғы кеште балалар көп жиналған кезде ойналған. Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Бір топ белгілі бір заттарын «орда» ретінде белгіленген ортақ орынға қалдырып, алысырақ барып тығылады. Екінші топ оларды іздейді. Іздеушілердің дауыстап белгі беруі ойынның басталғанын білдіреді. Тығылған ойыншы қарсыласын байқап қалса, ұстатпай ордаға жетуге тырысады, ал іздеушінің міндеті – оны жолда ұстау. Осылайша ойында бақылау, дыбыс пен кеңістікке бағдарлану, қауіптің жақындауын сезу және тез шешім қабылдау қатар қолданылады. Зерттеуші Г.Н. Потанин жазбаларында осыған ұқсас балалар әрекеттерінің кең таралғаны көрінеді (Потанин, 1881: 112). Ойынның тәрбиелік мәні жағдайды бағалап, топпен келісуді үйретеді.

Тақия тастамақ – зейін мен жылдамдықты талап ететін ойын. Б. Қалиевтің түсіндірме сөздігінде қазақ ойындарының қатарында «тақия жүгіртпек» атауы берілген. Онда хан қалай, белбеусоқ, тақия жүгіртпек, сақина тықпақ секілді бірнеше ойын қатар алынады (Қалиев, 2014). Типологиялық тұрғыдан жасырын зат қалдыру, оны аңғару, қуу және рөл алмастыру моделіне негізделген шеңберлік қимыл ойыны. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші олардың сыртынан айналып жүріп, бір ойыншының артына тақияны білдірмей тастайды. Тақияны байқаған бала оны тез алып, жүргізушіні қуып жетуге әрекет етеді. Байқамай қалса, ойынның келесі кезеңінде оның рөлі өзгереді. Тақия тастамақта баланың тек қозғалысы емес, тыңдау, айналадағы жағдайды бақылау, белгісіз әрекетке дайын отыру қабілеті сыналады.

Асық ату мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі қоғамға тән, баланы ептілікке, ұтқырлыққа, болашақ тұрмысқа баулитын тәрбиелік мәні бар ұлттық балалар ойыны. Ойын барысында қойдың, ешкінің (ешкімек), киіктің (шүкейт), арқар мен таутекенің (құлжа, қолқар), қозы-лақтың (кентай) асықтары қолданылады. Сирек жағдайда сомпа, сақа, топай деп аталатын түйе, сиыр асықтары да пайдаға асады. Асық салмағын арттыру үшін ішіне қорғасын құйылған (Қазақ этнографиялық категориялар..., 2017: 299).

Асық сүйегін ойын құралы ретінде пайдалану қазақтарға ғана тән құбылыс емес. Ғалым Х. Бозбай асық сүйегінің (aşık, aşık kemiği) Анадолыдағы және одан да көне археологиялық мәдениеттердегі қолданысын талдап, оны нысанаға ату, лақтыру, кездейсоқ түсу қалпына негізделген ойындар сияқты бірнеше типке бөледі. Зерттеуші асықпен ойнаудың Еуразияда өте терең тарихи қабаты бар екенін көрсетеді (Bozbay, 2013). Ғалым Н. Рысмендеева «Кыргыз элинин чүкө оюндары» атты арнайы еңбегінде қырғыз дәстүрінде сүйек ойындарының (чүкө) мол нұсқаларының сақталғанын атап өтті (Рысмендеева, 2016).

А.И. Левшиннің 1832 жылы шыққан еңбегінің үшінші бөлімі арнайы «Игры и забавы Киргизов» деп аталады. Мұнда ат жарысы, ерлер мен әйелдердің ат үстіндегі жарысы және

жастардың шеңберде ойнайтын ойындары бір мәдени кешен ретінде беріледі. Левшин сипаттаған ойындардың бірінде қойдың шағын сүйегі ойын құралы ретінде пайдаланылғаны көрсетіледі (Левшин, 1832). Бұл дерек мал сүйегі тұрмыстық қалдықтан ойындық және символдық затқа айналғанын көрсетеді. Ал Н.А. Мелкованың «Игры киргизов» еңбегінің соңғы бетінде ойынның атауы *дәл* (асық уйнайды, игра в бабаки) деп берілген. Көктем, жаз, күз мезгілдерінде екіден онға дейін ұл бала ойнайды. Әр ойыншы бір-бірден асық тігеді. Ойыншылар шамамен он-он бес қадам қашықтыққа кетіп, асықтарды тас тақташалармен атып құлатуға тырысады. Кім көбірек асық құлатса, сол ұтады (Мелкова, 1921). Қазіргі стандартталған асық атуда сақа негізгі соққы құралы ретінде қабылданады. Ал Мелкова 1921 жылы тіркеген нақты аймақтық нұсқада асықтарды басқа асықпен емес, тас тақташамен ұрады. Сондықтан асық ойынының заттық өзегі тұрақты болғанымен, ойын техникасы мен соққы құралы аймақтық және тарихи жағынан өзгеріп отырған.

Қазақ халқының ойыншық түрлері. Дәстүрлі ортадағы ойыншықтың ерекшелігі – оның баланың күнделікті өмірімен байланысты болуы. Ағаш, жүн, киіз, сүйек, тері, ши және саз сияқты қолжетімді материалдар ойыншық жасауға пайдаланылды. Көп жағдайда ойыншықты ата-ана, үлкен бауыр немесе баланың өзі дайындаған. Сондықтан ойыншық дайын бұйым ғана емес, оны жасау үдерісінің өзі тәрбиелік әрекетке айналды. Материалды таңдау, кесу, байлау, тігу немесе қарапайым пішін жасау баланың қол икемін жетілдіріп, заттың қалай құрылатынын тәжірибе арқылы түсінуге мүмкіндік берді. Мұндай бұйымдардан дәстүрлі шаруашылықтың, қолөнердің және отбасы ішіндегі еңбек бөлінісінің шағын моделі көрінеді.

Ұл балалардың ойыншықтары арасында ағаш ат, арба, садақ, қылыш, қамшыға ұқсас қарапайым бұйымдар жиі кездескен. Олардың мазмұны ересектердің шаруашылық және ер азаматқа тән деп қабылданған әрекеттерін қайталауға негізделді. Мысалы, ағаш арба жасау үшін бала дөңгелек пен осьтің өзара байланысын байқап, қозғалыстың қарапайым тетігін іс жүзінде меңгереді. Ағаш ат немесе қамшы бейнесі мал шаруашылығы ортасын ойын кеңістігіне көшіреді. Кейбір ойыншықтарды ересектер әдемілеп, оюлап бергенімен, баланың өз қолымен жасалған қарапайым нұсқасы да маңызды болды. Өйткені мұнда нәтиже ғана емес, жасаудың өзі – ағашты өлшеу, тегістеу, бөлшектерді біріктіру – тәжірибелік білімнің бөлігі. Осы себепті дәстүрлі ойыншықты қолөнердің жеңілдетілген үлгісі әрі баланы еңбекке біртіндеп енгізудің тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Қыз балалардың ойын кеңістігінде қуыршақ, шағын бесік, матадан немесе жүннен жасалған жануар бейнелері ерекше орын алды. Қуыршақтың киімін тігу, оны бесікке бөлеу, әлдилеу және тұрмыстық көріністі қайталау арқылы бала ересектердің әрекетін ойын түрінде меңгерді. Қуыршақтар көбіне үйде бар мата, киіз, жіп, жүн секілді материалдан жасалғандықтан, әрқайсысының пішіні мен безендірілуі әртүрлі болды. Қарапайым қуыршақ үшін мата қиындысын ши немесе таяқшаға орау жеткілікті болса, күрделі нұсқаларында киім пішіліп, кесте, жиек, ұсақ әшекей қолданылған. Осы жұмыс барысында ине сабақтау, мата бүктеу, тігіс жүргізу, затты ұқыпты ұстау сияқты дағдылар ерте қалыптасты. Қазіргі көзқараспен мұны тек белгілі бір гендерлік рөлді қайталау деп шектеу жеткіліксіз. Ең алдымен ол баланың тұрмыстық затпен әрекет ету, қамқорлық көрсету және қол еңбегін меңгеру тәжірибесін көрсетеді.

Ойын мен өнердің шекарасында тұрған қызықты бұйымдардың бірі – ортеке. Қазақ, қырғыз және қарақалпақ мәдениетінде кездесетін бұл ағаш мүсін музыка ырғағымен қозғалтылатын шағын механикалық бейне ретінде белгілі. Шебер текенің денесін жеңіл ағаштан ойып, аяқ, тізе, мойын тәрізді қозғалатын бөліктерін жіп арқылы байланыстырады. Орындаушы жіпті домбыра немесе басқа аспаптағы ырғаққа сай тартып-босатқанда, мүсін билеп тұрғандай әсер береді. Ортеке осы ерекшелігімен кәдімгі ойыншықтан асып, қолөнер, музыка және көріністік өнердің тоғысқан нысанына айналады. Бала үшін оның қызығы дайын бейнені тамашалауда ғана емес, қозғалыстың қалай жасалатынын түсінуде де жатыр. Жіптің тартылуы мен буын қозғалысының арасындағы байланысты бақылау ұсақ моторика мен себеп-салдарлық ойлауды іске қосады, ал музыкалық сүйемелдеу ұлттық өнерге эмоциялық қызығушылық тудырады.

Ләңгі – қарапайым материалдан жасалып, жоғары қимыл үйлесімін талап ететін ойын құралы. Оның нұсқалары әр өңірде әртүрлі болған. Салмақ беру үшін қорғасын немесе ұсақ металл, жұмсақтау ету үшін мата мен жүн, ал ұшуын тұрақтандыру үшін тері не түк

пайдаланылған. Негізгі мақсат – *лаңгіні* аяқпен жерге түсірмей мүмкіндігінше көп рет қағу. Ойын жеке шеберлікті де, кезекпен жарысуды да қамтиды; қатысушы санын ортаға қарай өзгертуге болады. *Лаңгі* ойнағанда бала табан, аяқтың қыры, тізе сияқты әртүрлі қозғалыс тәсілін игеріп, дене тепе-теңдігін сақтауға үйренеді. Б. Төтенаев еңбегінде *лаңгі* және соған ұқсас ептілік ойындары ұлттық ойын қорының бір бөлігі ретінде қарастырылады (Төтенаев, 1978). Ұлттық ойындардың жастар тәрбиесіндегі маңызын талдаған зерттеулер де мұндай қимылды әрекеттердің шыдамдылық пен шапшаңдықты қалыптастырудағы орнын атап өтеді (Kalshabayeva, Imanberlinova, 2018: 85).

Қуыршақ қазақ балаларының заттық мәдениетін зерттеуде айрықша мәнге ие. Қазақтың этнографиялық ұғымдарына арналған энциклопедиялық еңбекте қуыршаққа қатысты атаулар мен дәстүрлі түсініктер жүйеленген (Әлімбай, 2012: 455). Ал музей қорлары бұл бұйымның нақты пішінін, материалын және киім үлгісін көруге мүмкіндік береді. И.В. Стасевичтің зерттеуінде Санкт-Петербургтегі Ресей ғылым академиясының I Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорындағы қазақ қуыршақтары арнайы қарастырылған. Автор XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысына жататын бірнеше коллекциядағы ондаған қуыршақты сипаттап, олардың қорлық құжаттамасы мен жасалу ерекшеліктеріне назар аударады (Стасевич, 2024: 64). Осындай музейлік деректер ауызша сипаттаманы нақты заттық материалмен салыстыруға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі қуыршақтардың киімінен қазақтың күнделікті және мерекелік киім мәдениетінің шағын үлгісі көрінеді. Бас киім, көйлек, сырт киім немесе әшекей бөлшектері ересектер киіміндегі пішім мен безендіру тәсілін ықшам түрде қайталайды. Кейбір үлгілерде моншақ, түйме, металл пластина, тері жолағы және қауырсын секілді ұсақ бөлшектердің қолданылуы қуыршақтың жай ойын заты емес, қолөнер шеберлігін көрсететін бұйым болғанын аңғартады. Қыздардың қуыршаққа киім дайындауы мата өлшеу, пішу, тігу және сәндеу әрекеттерін ойынмен ұштастырған.

Музей қорында сақталған дәстүрлі қазақ қуыршақтарының екі үлгісі 1- және 2-суреттерде



Сур. 1. *Әйел қуыршақ (Қатын қуыршақ). Жетісу облысы, Лепсі уезі, XIX ғасырдың соңы. Дереккөз:* МАЭ (Ресей ғылым академиясының I Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера)), № 411–12.
Fig. 1. Female doll (Qatyn quyrshaq). Lepsinsk Uyezd, Semirechye Oblast, late 19th century. Source: Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography (Kunstkamera), Russian Academy of Sciences, MAE No. 411–12.



Сур. 2. *Қалыңдық қуыршақ. Ақмола облысы, Петропавл уезі, XX ғасырдың басы. Дереккөз:* МАЭ (Ресей ғылым академиясының I Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера)), № 1287–81.
Fig. 2. Bride doll. Petropavlovsk Uyezd, Akmola Oblast, early 20th century. Source: Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography (Kunstkamera), Russian Academy of Sciences, MAE No. 1287–81.

көрсетілді.

Отандық этнографияда балалар әлеміне қатысты материалдардың жеке тақырып болып қалыптасуы бірден жүзеге асқан жоқ. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы коллекционерлер мен этнографтар қазақ мәдениетін тұтас кешен ретінде көрсетуге тырысқандықтан, балалар киімі, бесік, тұмар, шағын тұрмыстық бұйымдар мен ойыншықтар да музей қорына түсе бастады. Дегенмен бұл заттар ұзақ уақыт бойы балалар мәдениетінің дербес дерегі ретінде емес, жалпы тұрмыс коллекциясының бір бөлігі ретінде сипатталды. Қазіргі зерттеулер, соның ішінде қазақ қуыршақтарына арналған қорлық талдаулар, бұрын назардан тыс қалған осы материалдың ғылыми мүмкіндігін көрсетіп отыр (Стасевич, 2024). Ойыншықтың жасалу техникасы, пайдаланушының жасы, киім үлгісі және жинақталған жері бойынша зерттеу арқылы балалық шақтың тарихи тәжірибесін нақтылауға болады.

XX ғасырдың орта шенінен бастап фабрикалық ойыншықтардың таралуы мен тұрмыс салтының өзгеруі үй жағдайында жасалатын көптеген дәстүрлі бұйымдардың қолданысын азайтты. Қазіргі кәдесый қуыршақтарының бір бөлігі көне үлгінің сыртқы пішінін қайталағанымен, олар бұрынғы ойындық немесе тұрмыстық контекстті толық сақтай бермейді. Бұл айырмашылық мұрагерлік мәселесін айқын көрсетеді. Заттың формасын сақтау мен оның мәдени қызметін жалғастыру бір нәрсе емес. Сондықтан дәстүрлі балалар мәдениетін жаңғыртуда бұйымның сыртқы бейнесімен қатар оның жасалу тәсілін, ойын ережесін, қолданылған сөздік қорын және қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты да жеткізу қажет. Сонда ғана ойын мен ойыншық музейлік экспонат деңгейінде қатып қалмай, қазіргі бала түсіне алатын тірі мәдени тәжірибеге айналады.

Алынған нәтижелер

Нәтижелерді жинақтау қазақ балалар ойындарының төрт өзара байланысты қызметін айқындауға мүмкіндік берді. Біріншісі – қимыл-қозғалыстық қызмет, ол дәлдік, жылдамдық, тепе-теңдік және кеңістікті бағдарлау қабілетін қажет етеді. Екіншісі – танымдық қызмет. Бала ойын барысында ережені есте сақтайды, әрекет ретін жоспарлайды, қарсыластың келесі қадамын болжайды. Үшіншісі – әлеуметтік қызмет. Топтық ойындар келісу, кезек сақтау, ортақ шешімге бағыну және жауапкершілікті бөлісу тәжірибесін қалыптастырады. Төртіншісі – мәдени қызмет. Ойын атаулары, құралдары, қимылдары мен рәсімдік элементтері арқылы бала өз ортасының сөздік қорын, тұрмыстық бейнелерін және құндылықтарын меңгереді.

Заттық материалды талдау ойыншықтардың да осындай көпқызметті сипатын көрсетті. Ағаш ат пен арба шаруашылық ортасының ықшам моделін ұсынса, қуыршақ пен бесік отбасылық-тұрмыстық әрекетті қайталауға жағдай жасайды. Ортеке музыка мен қолөнерді біріктіреді, ал лаңгі дене қимылын затпен дәл үйлестіруді талап етеді. Бұл бұйымдардың басым бөлігі табиғи және қолжетімді материалдан жасалғандықтан, бала дайын затты тұтынушы ғана болмай, оны жасауға немесе жөндеуге қатыса алды. Яғни дәстүрлі ойыншықта ойын мен еңбек арасы қатаң бөлінбейді. Баланың затты өзі жасап көруі оның қол икемін жетілдірумен бірге материалдың қасиетін түсінуіне, қарапайым техникалық шешім табуына және жасаған бұйымына жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік берген.

Салыстырмалы материалдар қазақ ойын мәдениетінің оқшау дамымағанын да көрсетеді. Түркі және Орталық Азия халықтарында асық, сүйек, доп, жасырыну, қуалау немесе есепке негізделген ұқсас ойындар кездеседі. Мұндай параллельдерді бір халықтан екіншісіне тікелей көшірілген үлгі деп түсіндіру әрдайым дұрыс емес; ортақ шаруашылық жағдай, ұқсас материалдық орта және ұзақ тарихи байланыстар да ұқсастық туғызуы мүмкін. Қазақ және тува балаларының ойындарын салыстырған зерттеу ортақ элементтермен қатар жергілікті ереже мен атаулардың айырмашылығын көрсетеді (Баудиярова және т.б., 2026). Демек, дәстүрлі ойын бір жағынан кең аймақтық мәдени байланыстарды танытса, екінші жағынан әр қауымның өзіндік бейімдеу тәсілін сақтайды.

Дәстүрлі және цифрлық ойындарды бір-біріне қарсы қою зерттеу мақсатына сай келмейді, өйткені олардың қызметі мен ортасы әртүрлі. Дегенмен салыстыру кейбір айырмашылықты анық көрсетеді. Дәстүрлі ойындардың көпшілігі нақты кеңістікті, дене қозғалысын, бетпе-бет қарым-қатынасты және қолмен ұстайтын затты қажет етеді. Ереже көбіне ауызша түсіндіріледі және ойыншылар жағдайға қарай оны өзара келісіп нақтылай алады. Бұл балаға келіссөз, дау шешу және ортақ

тәртіп құру тәжірибесін береді. Цифрлық ортада ереженің едәуір бөлігі бағдарлама арқылы алдын ала белгіленеді. Сондықтан дәстүрлі ойындарды қазіргі балалардың өміріне қайтарудың басты мәні технологияны ығыстыруда емес, экрандық тәжірибені денелік, әлеуметтік және заттық тәжірибемен теңгеруде деп қарастыру орынды.

Практикалық тұрғыдан ұлттық ойындарды үш ортада жүйелі қолдануға болады: білім беру ұйымында, музей-мәдени кеңістікте және отбасылық ортада. Мектепте ойын жас ерекшелігі мен оқу мақсатына сәйкес таңдалуы керек. Музейде тарихи дерек пен түпнұсқа затқа сүйенген түсіндіру басым болғаны жөн. Отбасында ережесі қарапайым және арнайы жабдықты қажет етпейтін ойындар қолайлы. Мұндай жіктеу бір ойынның барлық жерде бірдей қолданылмайтынын ескеруге көмектеседі. Сонымен бірге қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Бұрынғы ортада қалыпты саналған кей әрекеттерді бүгінгі балаларға сол күйінде ұсыну міндетті емес. Дәстүрдің мәнін сақтай отырып, қауіпті қимылдарды жеңілдету немесе құралды қауіпсіз нұсқамен алмастыру – мұраны бұрмалау емес, оны қазіргі ортаға жауапкершілікпен бейімдеу.

Осылайша, зерттеу қазақ балалар ойындары мен ойыншықтарын мәдени мұра ретінде бағалаудың тек «көне» немесе «ұлттық» деген сипаттамамен шектелмеуі керектігін көрсетті. Олардың құндылығы нақты қызметінде: балаға қозғалу, ойлау, келісу, зат жасау және мәдени мағынаны тәжірибе арқылы меңгеру мүмкіндігін беруінде. Мұраны сақтау үшін ойын атауын тізімге енгізу жеткіліксіз; оның ережесін, жергілікті нұсқаларын, қолданылатын затын, сөздік қолданысын және орындау ортасын бірге құжаттау қажет. Осындай кешенді тәсіл ғылыми сипаттаманы да нақтылайды, мектеп пен музейдегі жаңғырту жұмыстарын да мазмұнды етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтары халықтың материалдық және рухани тәжірибесін байланыстыратын күрделі мәдени құбылыс екені анықталды. Ойынның ережесі мен қимылында қоғамдық тәртіп, өзара көмек, бәсеке және жауапкершілік нормалары көрінсе, ойыншықтың материалы мен жасалу тәсілінде дәстүрлі қолөнер, шаруашылық және эстетикалық талғамның белгілері сақталған. Асық ату, дүмпілдек, марламқаш, тақия тастамақ, ағаш ат, лаңгі сияқты ойындар мен ойын құралдары әртүрлі болғанымен, оларды біріктіретін ортақ сипат – олардың баланың белсенді қатысуына құрылуы. Бала дайын ақпаратты қабылдамайды. Ол қозғалады, байқайды, қателеседі, қайталайды, затты қолымен жасап көреді және құрдастарымен келіседі. Осы тәжірибе ойынның тәрбиелік күшін түсіндіреді.

Зерттеу дәстүрлі ойындарды қазіргі ортаға енгізуде көріністік сипатпен шектелмеу керектігін де көрсетті. Наурыз мерекесі, этнофестиваль немесе мәдени шара ұлттық ойынды көпшілікке таныту үшін маңызды болғанымен, бір реттік көрсетілім баланың тұрақты дағдысын қалыптастырмайды. Сондықтан мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарында жас ерекшелігіне бейімделген қысқа ойын модульдерін тәрбие сағатына, дене шынықтыруға, өлкетану және шығармашылық сабақтарға енгізу орынды. Инклюзивті білім беру жағдайында ойынның ережесін жеңілдетіп, қозғалыс қарқынын немесе құралын қатысушының мүмкіндігіне қарай өзгертуге болады. Мұнда ұлттық ойын емдеу тәсілі ретінде емес, әлеуметтік қатысуға, қозғалысқа және ортақ әрекетке жағдай жасайтын мәдени құрал ретінде қарастырылғаны дұрыс.

Дәстүрлі ойыншықтарды зерттеу де бірнеше маңызды қорытындыға әкелді. Табиғи материалды пайдалану, бұйымды қолмен жасау және оны ойын барысында қайта өзгерту баланы заттық ортаға белсенді қатыстырған. Ағаш арбада қарапайым механикалық түсінік, қуыршақ киімінде тігін мен безендіру тәжірибесі, ортекеде музыка мен қозғалыс байланысы, лаңгіде дене үйлесімі көрінеді. Сондықтан мұндай бұйымдарды «ескі ойыншық» ретінде ғана көрсету олардың мазмұнын тарылтады. Олар баланың қол еңбегін, ұқыптылығын, кеңістіктік ойлауын және эстетикалық талғамын дамытуға қатысқан шағын мәдени модельдер болды.

Мәдени мұраны сақтау үшін дәстүрлі ойындарды ғылыми құжаттау, музей қорларындағы ойыншықтарды сипаттау және оларды балаларға түсінікті форматта таныстыру жұмыстары қатар жүруі тиіс. Цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілер ойын ережесін бейне арқылы көрсетуге, өңірлік нұсқаларды тіркеуге және жас аудиторияны тартуға мүмкіндік береді, бірақ олар тікелей

ойнау тәжірибесін алмастырмайды. Ең тиімді нәтиже тарихи дерек, музейлік зат, шеберлік әрекеті және тірі ойын тәжірибесі өзара байланысқанда байқалады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс қазақ балалар ойындары мен ойыншықтарын өткеннің көрінісі ретінде ғана емес, қазіргі мәдени білімнің белсенді ресурсы ретінде сақтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу AP23490262 «Тарбағатай қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX–XXI ғасырдың басы)» атты мемлекеттік гранттық қаржыландыру аясында жүзеге асырылды.

Әдебиеттер

1. Алекторов А., 1891. О рождении и воспитании детей киргизов, о правилах и власти родителей. Оренбург: Тип. Тургайского областного правления. 82 с.

2. Арғынбаев Х., 1996. Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар. 288 б.

3. Арьес Ф., 1999. Ребенок и семейная жизнь при старом порядке. Екатеринбург: Изд-во Уральского университета. 416 с.

4. Әлімбай Н. (ғылыми редактор және жоба жетекшісі), 2012. Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». Т. 4. 878 б.

5. Баудиярова К.Б., Егизбаева М.К., Мейрманова Г.А., 2026. Сходства и различия национальных детских игр казахов и тувинцев // Новые исследования Тувы. № 2. С. 176–191.

6. Валиханов Ч.Ч., 1961. Следы шаманства у киргиза // Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата. Т. 4. С. 48–71.

7. Выготский Л.С., 1991. Проблема культурного развития ребенка // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 14. Психология. № 4. С. 5–18.

8. Диваев А.А., 1905. Игры киргизских детей // Туркестанские ведомости. № 152. С. 33–36.

9. Дулатұлы М., 1924. Оқу құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы. 5-басылым. Орынбор. 126 б.

10. Зинченко В.П., 2018. Психология образования. М.: Центр гуманитарного образования. 384 с.

11. Қалиев Б., 2014. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы. 728 б.

12. Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, 2017. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 856 б.

13. Левшин А.И., 1832. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 3. Этнографические известия. Санкт-Петербург: Типография К. Крайя.

14. Лотман Ю.В., 1969. Статьи по типологии культуры. Тарту. 240 с.

15. Маргулан А.Х., 1984. Этнографические очерки. Алма-Ата: Наука. 230 с.

16. Мелкова Н.А., 1921. Игры киргизов // Труды Оренбургского общества изучения Киргизского края. Вып. 1. С. 41–77.

17. Мустафина Р.М., 1992. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX–XX вв.). Алматы: Қазақ университеті. 173 б.

18. Паллас П.С., 1773. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч. 1. СПб.: Имп. Акад. Наук. 657 с.

19. Потанин Г.Н., 1881. Очерки Северо-западной Монголии: результаты путешествия, исполненного в 1876–1877 годах по поручению Императорского Русского географического общества. СПб.: Тип. В. Безобразова. Вып. 1. 389 с.

20. Радлов В.В., 1989. Из Сибири: страницы дневника. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы. 740 с.

21. Рысмендеева Н., 2016. Кыргыз элинин чүкө оюндары: этнографиялык иликтөө. Ғылыми ред. Т.К. Чоротегин. Бишкек: Кыргыз жер. 176 б.

22. Стасевич И.В., 2024. Казахские игрушки-куклы из фондов Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН // Вестник ЗКИТУ. Научный журнал. № 4 (32). С. 63–70.

23. Тохтабаева Ш.Ж., 2015. Этикет казахов. Алматы: Дайк-Пресс. 500 с.

24. Төтенаев Б.Ә., 1978. Қазақтың ұлттық ойындары (Казахские национальные игры). Алматы: Ғылым. 94 б.

25. Хейзинга Й., 1997. Homo Ludens; Статьи по истории культуры. М.: Прогресс-Традиция. 416 с.
26. Шалекенов У.Х., 1980. История материальной культуры Казахстана. Алматы. 116 с.
27. Юдахин К.К., 1965. Киргизско-русский словарь: около 40 000 слов. М.: Советская энциклопедия. 974 с.
28. Aitbayeva A.B., Khazbulatov A.R., Shaigozova Zh.N., 2021. Narrative and children's game in Kazakh traditional education system: understanding in the context of new realities // Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. № 1 (75). Pp. 4–15.
29. Bozbay H., 2013. Geçmişten Günümüze Aşık Oyunları // Folklor/Edebiyat. Cilt 19. Sayı 73. S. 147–161.
30. Kalshabayeva B.K., Imanberlinova G.A., 2018. Role and importance of national games in Kazakh society in upbringing of young people // Journal of History. № 1 (88). Pp. 83–89.
31. Kalysh A., 2012. Traditional Games and Competitions, Gaieties and Holidays of Kazakhs as Cultural Phenomena in the Period of Domination by the Russian Empire // Sensus Historiae. Vol. VII (2012/2). Pp. 147–160.

References

1. Alektorov A. 1891. O rozhdenii i vospitanii detey kirgizov, o pravilakh i vlasti roditeley [On the birth and upbringing of children among the Kyrgyz, on the rules and authority of parents]. Orenburg: Tip. Turgayskogo oblastnogo pravleniya, 82 p. [in Russian].
2. Argynbaev Kh. 1996. Qazaq otbasy [The Kazakh family]. Almaty: Qainar, 288 p. [in Kazakh].
3. Aries F. 1999. Rebenok i semeynaya zhizn pri starom poryadke [The child and family life under the old regime]. Ekaterinburg: Izd-vo Uralskogo universiteta, 416 p. [in Russian].
4. Alimbay N. (gylymi redaktor zhane zhoba zhetekshisi). 2012. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalary, ugymdary men ataularynyn dasturli zhuyesi [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Entsiklopediya. Almaty: TOO «Alem Damu Integratsiya». Vol. 4, 878 p. [in Kazakh].
5. Baudiyarova K.B., Yegizbayeva M.K., Meyrmanova G.A. 2026. Skhodstva i razlichiya natsionalnykh detskikh igr kazakhov i tuvintsev [Similarities and differences between the national children's games of Kazakhs and Tuvans] // Novye issledovaniya Tuvy. No. 2. P. 176–191. [in Russian].
6. Valikhanov Ch.Ch. 1961. Sledy shamanstva u kirgiz [Traces of shamanism among the Kyrgyz] // Sobranie sochineniy v pyati tomakh. Alma-Ata. Vol. 4. P. 48–71. [in Russian].
7. Vygotskiy L.S. 1991. Problema kulturnogo razvitiya rebenka [The problem of the cultural development of the child] // Vestn. Mosk. un-ta. Ser. 14. Psikhologiya. No. 4. P. 5–18. [in Russian].
8. Divaev A.A. 1905. Igry kirgizskikh detey [Games of Kyrgyz children] // Turkestanskie vedomosti. No. 152. P. 33–36. [in Russian].
9. Dulatuly M. 1924. Oqu quraly. Bastauysh mektepte ekinshi zhyl oqylatyn qiragat kitaby [Textbook. Reading book for the second year of primary school]. 5-basylym. Orenburg, 126 p. [in Kazakh].
10. Zinchenko V.P. 2018. Psikhologiya obrazovaniya [Psychology of education]. Moscow: Tsentr gumanitarnogo obrazovaniya, 384 p. [in Russian].
11. Qaliev B. 2014. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty, 728 p. [in Kazakh].
12. Qazaq etnografiyalyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Entsiklopediya. 2017. Almaty: TOO «Alem Damu Integratsiya», 856 p. [in Kazakh].
13. Levshin A.I. 1832. Opisanie kirgiz-kazachikh, ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepey [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes]. Ch. 3. Etnograficheskie izvestiya. Saint Petersburg: Tipografiya K. Krayya. [in Russian].
14. Lotman Yu.V. 1969. Stati po tipologii kultury [Articles on the typology of culture]. Tartu, 240 p. [in Russian].
15. Margulan A.Kh. 1984. Etnograficheskie ocherki [Ethnographic essays]. Alma-Ata: Nauka, 230 p. [in Russian].
16. Melkova N.A. 1921. Igry kirgizov [Games of the Kyrgyz] // Trudy Orenburgskogo obshchestva

izucheniya Kirgizskogo kraya. Issue 1. P. 41–77. [in Russian].

17. Mustafina R.M. 1992. Predstavleniya, kulty, obryady u kazakhov (v kontekste bytovogo islama v Yuzhnom Kazakhstane v kontse XIX–XX vv.) [Beliefs, cults and rituals among the Kazakhs in the context of everyday Islam in Southern Kazakhstan in the late 19th–20th centuries]. Almaty: Qazaq universiteti, 173 p. [in Russian].

18. Pallas P.S. 1773. Puteshestvie po raznym provintsiyam Rossiyskogo gosudarstva [Journey through various provinces of the Russian state]. Ch. 1. Saint Petersburg: Imp. Akad. Nauk, 657 p. [in Russian].

19. Potanin G.N. 1881. Ocherki Severo-zapadnoy Mongolii: rezultaty puteshestviya, ispolnennogo v 1876–1877 godakh po porucheniyu Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva [Essays on Northwestern Mongolia: results of the journey undertaken in 1876–1877 on behalf of the Imperial Russian Geographical Society]. Saint Petersburg: Tip. V. Bezobrazova. Issue 1, 389 p. [in Russian].

20. Radlov V.V. 1989. Iz Sibiri: stranitsy dnevnika [From Siberia: pages from a diary]. Moscow: Nauka. Glavnaya redaktsiya vostochnoy literatury, 740 p. [in Russian].

21. Rysmendeeva N. 2016. Kyrgyz elinin chuko oyundary: etnografiyalyk iliktoo [Traditional knucklebone games of the Kyrgyz people: an ethnographic study]. Gylymi red. T.K. Chorotegin. Bishkek: Kyrgyz zher, 176 p. [in Kyrgyz].

22. Stasevich I.V. 2024. Kazakhskie igrushki-kukly iz fondov Muzeya antropologii i etnografii im. Petra Velikogo (Kunstkamera) RAN [Kazakh toy dolls from the collections of the Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography (Kunstkamera) of the Russian Academy of Sciences] // Vestnik ZKITU. Nauchnyy zhurnal. No. 4 (32). P. 63–70. [in Russian].

23. Tokhtabaeva Sh.Zh. 2015. Etiket kazakhov [Etiquette of the Kazakhs]. Almaty: Dayk-Press, 500 p. [in Russian].

24. Totenayev B.A. 1978. Qazaqtyn ulttyq oyindary [Kazakh national games]. Almaty: Gylym, 94 p. [in Kazakh].

25. Huizinga J. 1997. Homo Ludens; Stati po istorii kultury [Homo Ludens; Articles on the history of culture]. Moscow: Progress-Traditsiya, 416 p. [in Russian].

26. Shalekenov U.Kh. 1980. Istoriya materialnoy kultury Kazakhstana [History of the material culture of Kazakhstan]. Almaty, 116 p. [in Russian].

27. Yudakhin K.K. 1965. Kirgizsko-russkiy slovar: okolo 40 000 slov [Kyrgyz-Russian dictionary: about 40,000 words]. Moscow: Sovetskaya entsiklopediya, 974 p. [in Russian].

28. Aitbayeva A.B., Khazbulatov A.R., Shaigozova Zh.N. 2021. Narrative and children's game in Kazakh traditional education system: understanding in the context of new realities // Filosofiya, madeniettanu, sayasattanu seriyasy. No. 1 (75). P. 4–15. [in English].

29. Bozbay H. 2013. Geçmişten Günümüze Aşık Oyunları [Knucklebone games from past to present] // Folklor/Edebiyat. Vol. 19. No. 73. P. 147–161. [in Turkish].

30. Kalshabayeva B.K., Imanberlinova G.A. 2018. Role and importance of national games in Kazakh society in upbringing of young people // Journal of History. No. 1 (88). P. 83–89. [in English].

31. Kalysh A. 2012. Traditional Games and Competitions, Gaieties and Holidays of Kazakhs as Cultural Phenomena in the Period of Domination by the Russian Empire // Sensus Historiae. Vol. VII (2012/2). P. 147–160. [in English].

Мейрманова Г.А., *Егизбаева М.К., Терекбаева Ж.М.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИОННЫХ ИГР И ИГРУШЕК КАЗАХСКИХ ДЕТЕЙ В КУЛЬТУРНОМ НАСЛЕДИИ

Аннотация. В статье традиционные игры и игрушки казахских детей рассматриваются как взаимосвязанные явления в системе культурного наследия. Цель

исследования – показать историческую сферу бытования детских игр и их структурные особенности, систематизировать воспитательные функции на основе этнографических материалов и определить их значение как культурного наследия. Теоретическую основу составили историко-этнографические труды, исследования и публикации по вопросам воспитания детей. Для выявления содержательных особенностей детских игр и традиционных игрушек применялись сравнительно-исторический и типологический методы. Наряду с такими играми, как дүмпілдек, марламқаш, тақия тастамақ, асық ату и ләңгі анализировались традиционные предметы – куклы, деревянные игрушки и ортеке. Анализ показал, что традиционные игры выполняли двигательные, познавательные, социальные и культурные функции. Этнографические материалы свидетельствуют, что игра была не только формой досуга, но и средством приобщения ребенка к труду, общему порядку, взаимной ответственности и взаимодействию с окружающей средой. Рассмотрены сходные формы игры в асык у казахов, кыргызов и турок, а также употребление названия думпилдек в казахско-кыргызском культурном пространстве. Показано значение традиционных игр и игрушек для музейной, образовательной и семейной практики и сохранения культурной памяти.

Ключевые слова: детская игра, традиционная игрушка, асық ату, дүмпілдек, марламқаш, тақия тастамақ.

Для цитирования: Мейрманова Г.А., Егизбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Преемственность традиционных игр и игрушек казахских детей в культурном наследии // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 250-263 (каз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.17

Meyrmanova G.A., *Yegizbayeva M.K., Terekbayeva Zh.M.
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

CONTINUITY OF TRADITIONAL GAMES AND TOYS OF KAZAKH CHILDREN IN CULTURAL HERITAGE

Abstract. The article examines traditional Kazakh children's games and toys as interconnected phenomena within cultural heritage. The study aims to show the historical use and structural features of children's games, to systematize their educational functions on the basis of ethnographic materials, and to determine their significance as cultural heritage. The theoretical framework draws on historical and ethnographic works, as well as studies and publications on child upbringing. Comparative-historical and typological methods were used to identify the content and distinctive features of traditional games and toys. Alongside games such as dumpildek, marlamkash, takiya tastamak, asyk atu and langi, the study examines traditional objects including dolls, wooden toys and Orteke. The analysis shows that traditional games combined physical, cognitive, social and cultural functions. Ethnographic evidence suggests that play was not merely entertainment, but also a way of introducing children to work, shared rules, mutual responsibility and interaction with their environment. Similar forms of asyk games among Kazakhs, Kyrgyz and Turks, as well as the use of the name dumpildek in the Kazakh-Kyrgyz cultural space, are discussed. The study also highlights the value of traditional games and toys for museums, educational and family practices and for preserving cultural memory.

Keywords: children's games, traditional toys, asyk atu, dumpildek, marlamkash, takiya tastamak.

For citation: Meyrmanova G.A., Yegizbayeva M.K., Terekbayeva Zh.M. Continuity of traditional games and

toys of Kazakh children in cultural heritage // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 250-263 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.17

Авторлар туралы мәлімет:
Мейрманова Гулжан Асанқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-3990-0172
Scopus ID: 57192670862
Егизбаева Меруерт Карпыковна, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор міндетін атқарушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-3338-291X
Scopus ID: 57222375144
Терекбаева Жазира Махмудовна, PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-0719-1447
Scopus ID: 58348297400

Сведения об авторах:
Мейрманова Гульжан Асановна, кандидат исторических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
ORCID: 0000-0003-3990-0172
Scopus ID: 57192670862
Егизбаева Меруерт Карпыковна, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-3338-291X
Scopus ID: 57222375144
Терекбаева Жазира Махмудовна, PhD, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
ORCID: 0000-0003-0719-1447
Scopus ID: 58348297400

Information about the authors:
Meyrmanova Gulzhan Asankyzy, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-3990-0172
Scopus ID: 57192670862
Yegizbayeva Meruyert Karpykovna, Candidate of Historical Sciences, Acting Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-3338-291X
Scopus ID: 57222375144
Terekbayeva Zhazira Makhmudovna, PhD, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-0719-1447
Scopus ID: 58348297400